

**"Қазақстан Республикасының әуе көністігінде шетелдік азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуларының орындалуын ұйымдастырудың Уақытша нұсқаулығын бекіту туралы"**

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы қарамағындағы Әуе көнестін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитет Бұйрық 1998 жылғы 14 шілде N 98 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 553. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрлігінің 1999 жылғы 12 қазандағы N 36, ҚР Қорғаныс министрлігінің 1999 жылғы 14 қазандағы N 170, ҚР Көлік және коммуникациялар және туризм министрлігінің 1999 жылғы 8 қазандағы N 705A бұйрықтарымен. ~V990944

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго, 1944 ж., ) сондай-ақ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе көністігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі комитетінің ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасының әуе көністігінде шетел мемлекеттерінің азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуларды орындаудың ұйымдастыруды ретке келтіру және қазақстандық авиакомпанияларының

мұдделерін қорғау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының әуе көністігінде шетелдік азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуларының орындалуын ұйымдастырудың Уақытша нұсқаулығы бекітілсін және мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап күшіне енсін.

Вице-Министр  
ӘКП және ААҚ  
Комитетінің төрағасы

Әуе көністігін пайдалану және  
азаматтық авиация қызметі  
комитетінің  
1998 жылғы 14 шілдедегі N 98-П  
бұйрығымен Бекітілген

Қазақстан Республикасының әуе көністігінде шетелдік  
азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуларының орындалуын

**ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ  
УАҚЫТША НҰСҚАУЛЫҒЫ**

1. Қазақстан Республикасының әуе көністігінде оқтын-оқтын ұшуларды орындайтын шетел мемлекеттерінің азаматтық әуе кемелері, егер олар сыйакы немесе жалдау бойынша жолаушыларды, багажды, жүктөрді тасымалдаумен айналысса, онда "Қазаэронавигация" РМК Әуе қозғалысын жоспарлаудың Бас орталығымен берілетін арнайы тәртіптер және рұқсаттар жағдайында жолаушыларды, багажды немесе жүкті бортқа қабылдауы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының әуе көністігін пайдалану жөніндегі арнайы рұқсатты алу үшін шетел мемлекетінің авиация әкімшілігімен немесе пайдалануши авиакомпаниямен ұсынылатын сұранымда (тапсырыста) N 2 қосымшада көрсетілген ҚР Аэронавигациялық ақпарат циркулярдан басқа мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- жүктің алғашқы тиеу пунктін көрсете отырып, кедендік жүк мәлімдемесі мен әуе жүгінің құжаттамасының көшірмесі.

3. Шетел мемлекеттерінің авиакомпанияларының оқтын-оқтын ұшуларды орындауына рұқсат беруден мынадай жағдайларда бас тартады:

1) егер өтініш етілген ұшу бойынша тағайындалған авиакомпаниялармен тұрақты ұшулар орындалатын болса;

2) Қазақстан Республикасының әуе көністігін пайдалану сұранымына (тапсырыс) осы Уақытша нұсқаулықпен 2 тармағында көрсетілген ақпараттар жазылмағанда немесе ҚР Аэронавигациялық ақпарат циркуляры мәліметтерінің мерзімі өтіп ұсынылғанда.

4. Шетелдік пайдалануши авиакомпаниялармен бесінші - сегізінші әуе еркіндігін пайдалануға тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының әуе көністігінде шетел мемлекеттерінің азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуларды орындауға рұқсат алу тәртібі мен сұранымының сақталуына тікелей бақылау жасау Әуе қозғалысын жоспарлаудың Бас орталығымен (ҚР ӘКЖ БО) жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының Мемавиақадағалауы шетелдік пайдалануши авиакомпанияларының Қазақстан Республикасының халықаралық аэропорттарында оқтын-оқтын ұшуларды орындауға сұраныстарда (тапсырыста) көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады.

Мәліметтердің дұрыс еместігі, дәл еместігі және толық еместігі анықталған жағдайда өз құзырының шегінде шаралар қабылдайды және қажет болған

жағдайда материалдарды рәсімдейді және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту үшін оларды тиісті мекемелерге жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК